



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 15 қараша

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 9 айдағы төлем балансы туралы (алдын ала нәтижелер)

Алдын ала деректер бойынша 2019 жылғы 9 айда төлем балансының **ағымдағы шоты 4,7 млрд. АҚШ долл.** дефицитпен қалыптасты. Сауда балансы профицитінің **4,0 млрд. АҚШ долларына (-21,6%) 14,5 млрд. АҚШ долларына** дейін төмендеуі негізгі фактор болды.

Тауарлар экспорты 2,2%-ға **42,7 млрд. АҚШ долларына** дейін шамалы азайды. Бұл басым түрде шикі мұнай экспортының 10,7%-ға төмендеуіне, оның ішінде мұнайға орташа келісімшарттық бағаның 7,9%-ға бір баррель үшін 66,9 АҚШ долларынан 61,7 АҚШ долларына дейін төмендеуі есебінен орын алды.

Тауарлар импорты 12,2%-ға **28,2 млрд. АҚШ долларына** дейін өсті, бұл инвестициялық тауарларды әкелудің 31,4%-ға ұлғаюымен түсіндіріледі. Бұл ірі шикізат және инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде ТШО мен Қашаған, Сарыарқа газ құбыры, ҰААЖ және автожинақтау зауыты жобаларын іске асыруды жалғастыру үшін импорттық материалдар мен жабдықты сатып алуға негізделді.

Қызметтер экспорты 4,6%-ға **5,7 млрд. АҚШ долларына** дейін өсті, ал импорт 8,1%-ға **8,1 млрд. АҚШ долларына** дейін төмендеді, бұл көрсетілетін қызметтердің сыртқы саудасы сальдосына оң әсер етті.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 2019 жылғы 9 айда 2,5%-ға **16,0 млрд. АҚШ долларына** дейін төмендеді. Бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан кірістерінің жартысынан астамы Қазақстанның еншілес кәсіпорындарын қаржыландыруға бағытталды.

Қаржылық шот бойынша (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) сальдо **0,6 млрд. АҚШ долларына** жақсарды және **1,2 млрд АҚШ долларына** таза әкетілу қалыптасты. Бұл ретте, **тікелей шетелдік инвестициялар** бойынша капиталдың таза әкелінуі 2019 жылғы 9 айда **5,1 млрд. АҚШ доллары** болды. Резиденттердің **портфельдік инвестициялар** бойынша шетелдік инвестицияларының **2,6 млрд АҚШ долларына, басқа инвестициялар** бойынша **3,7 млрд АҚШ долларына** таза өсуі атап өтіледі.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есепке алмағанда) 2019 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша **28,8 млрд. АҚШ долларына** бағаланды, бұл Қазақстанның тауарлары мен қызметтері импортының 7,1 ай қаржыландыру қажеттіліктерін жабады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz